**Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 9-1/71 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 19 қазанда № 12183 болып тіркелді.

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 14) тармақшасына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16 -бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.10.2022 № 347 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Инвестициялық саясаты және қаржы құралдары департаменті:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін вице-министрге жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр* *А. Мамытбеков*

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

_____________ Б. Сұлтанов

2015 жылғы "___" __________

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі
______________ Е. Досаев
2015 жылғы 14 қыркүйек

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 30 қаңтардағы
№ 9-1/71 бұйрығымен
бекітілген

**Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау қағидалары**

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 13.08.2020 № 251 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 14) тармақшасына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау тәртібін, сондай-ақ "Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау" мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) көрсету тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 09.11.2021 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган – агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган (бұдан әрі – уәкілетті орган (көрсетілетін қызметті беруші));

2) ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган – облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының ауыл шаруашылығы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесі (бұдан әрі – ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО ( көрсетілетін қызметті беруші));

3) банк – "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес банк қызметін жүзеге асыруға құқылы коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлға;

4) жеке кабинет – пайдаланушының (қарыз алушының, кепілгердің/сақтандыру ұйымының, ауыл шаруашылығы мәселелері бойынша ЖАО-ның (көрсетілетін қызметті берушінің))/уәкілетті органның (көрсетілетін қызметті берушінің) субсидиялауға арналған электрондық тізілімдегі жеке веб-парақшасы;

5) жеке шот – субсидиялауға арналған электрондық тізілімде қамтылған, субсидиялауға арналған өтінімдерді тіркеу және олар бойынша операцияларды есепке алу мақсатында тіркелген тұлғаны сәйкестендіруге мүмкіндік беретін жазбалар жиынтығы;

6) кепілгер – "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамының кепілдіктер беруге уәкілетті еншілес ұйымы;

7) кепілдік – кепілгердің қарыз алушының міндеттемелері бойынша кредитордың алдындағы ортақ жауапкершілігін ішінара растайтын құжат;

8) кепілдік көлемі/сақтандыру сомасы – оған кепілдік берілген немесе талап ету құқығы басталған кезде кепілгердің/сақтандыру ұйымының кредитор алдындағы жауапкершілігінің шекті көлемі болып табылатын қарыздың бір бөлігі сақтандырылған қаражат сомасы;

9) кепілдік шарты – қарыз алушы, кредитор (-лар) және кепілгер арасында жасалған жазбаша келісім;

10) кепілдік бойынша төлем/сақтандыру төлемі – талап ету құқығы басталған кезде кепілдік/сақтандыру сомасы көлемі шегінде кепілгер/сақтандыру ұйымы кредиторға төлейтін қаражат сомасы;

11) кепілдік жөніндегі комиссия/сақтандыру сыйлықақысы – қарыз алушы және ( немесе) ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО (көрсетілетін қызметті беруші) /уәкілетті орган (көрсетілетін қызметті беруші) кепілгерге/сақтандыру ұйымына соңғылардың талап ету құқығы басталған кезде кредиторға кредиттің кепілдендірілген/ сақтандырылған бөлігін төлеуді жүргізу міндеттемелерін қабылдағаны үшін төлемдер түрінде төлейтін қаражат сомасы;

12) кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған алдын ала өтінім – кепілдендіру бойынша субсидия алуға өтінім бергенге дейін кепілгердің субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесінде субсидия сомасын резервке қоюға арналған электрондық өтінімі.

13) кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінім – қарыз алушының кредиттері бойынша берілген комиссияның бір бөлігін субсидиялауға берілетін кепілгердің электрондық өтінімі;

14) кредит – банктің, агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымдарының, кредиттік серіктестіктердің, аймақтық инвестициялық орталықтарымен, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларымен, микроқаржы ұйымдарымен Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында ақылылық, мерзімділік, қайтарымдылық, қамтамасыз етілу және нысаналы мақсат шарттарымен кредит шарты бойынша қарыз алушыға беретін қарыз қаражаты;

15) кредитор – екінші деңгейдегі банктер, агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің банктік операцияларды жүзеге асыру құқығына тиісті лицензиясы бар еншілес ұйымдары (бұдан әрі − еншілес ұйымдар), аймақтық инвестициялық орталықтары, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялары, сондай-ақ агроөнеркәсіптік кешен саласындағы лизингтік компаниялар, кредиттік серіктестіктер мен микроқаржы ұйымдары;

16) кредиттік серіктестік – жеке және (немесе) заңды тұлғалар өз қатысушыларының кредиттерге және басқа қаржылық, соның ішінде банктік қызмет көрсетуге деген қажеттерін олардың ақшаларын жинақтау жолымен және Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған басқа да көздер есебінен қанағаттандыру үшін құрған заңды тұлға;

17) кредиттік шарт – банк пен кәсіпкер арасындағы жазбаша келісім, оның шарты бойынша банк кәсіпкерге кредит береді. Кредит шартына кредиттік желіні ашу туралы келісім де кіреді;

Ислам Банкі үшін кредиттік шарт деп қаржыландыру шарты түсініледі – ислам банкі мен қарыз алушы арасында жасалған жазбаша келісім, оның талаптары бойынша ислам банкі қарыз алушыға -сатып алушыға немесе тауар сатушыға коммерциялық кредит береді. Қаржыландыру шартына сондай-ақ бас қаржыландыру келісімі жатады, оның шеңберінде ислам банкі мен қарыз алушы коммерциялық кредит (қаржыландыру) беру туралы жекелеген шарттар жасасады. Коммерциялық кредит деп исламдық банктердің қарыз алушының сауда делдалы ретінде қарыз алушының сауда қызметін қарыз алушыға тауар бағасынан және тауарға үстеме бағадан қалыптасатын тауарды сату бағасы бойынша төлемді кейінге қалдыра отырып немесе бөліп-бөліп төлей отырып тауарды сату жолымен қаржыландыруы түсініледі;

18) қарыз алушы – кредитормен кредиттік шартты жасасқан агроөнеркәсіптік кешенде қызметін жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға, сондай-ақ дара кәсіпкер ( оның ішінде шаруа (фермер) қожалығы);

19) портфельдік кепілдендіру – кепілгер кредитор үшін белгілеген лимит шеңберінде қарыз алушыларға кепілдіктер беру нысаны;

20) сақтандыру ұйымы – қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тиісті лицензиясы негізінде сақтандыру шарттарын жасасу және орындау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

21) субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – СМАЖ) – "электрондық үкіметтің" веб-порталымен өзара іс-қимыл жасау, субсидия алуға арналған өтінімді тіркеу, сондай-ақ өтінімді субсидиялау шарттарына сәйкестігін автоматты түрде тексеру арқылы оны өңдеу мүмкіндігін беретін, субсидиялау процестерін орындау бойынша қызметтер көрсетуге арналған ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, қызмет көрсетуші персоналдың және техникалық құжаттаманың ұйымдастырылып ретке келтірілген жиынтығы;

22) субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесінің веб-порталы (бұдан әрі – СМАЖ веб-порталы) – Интернет желісінде орналастырылған, СМАЖ-ға қолжетімділік беретін интернет-ресурс;

23) субсидиялауға арналған өтінімдердің электрондық тізілімі (бұдан әрі – тізілім) – субсидия алуға арналған өтінімдер туралы, сондай-ақ қарыз алушылар, кредиторлар туралы мәліметтер жиынтығы және СМАЖ-да көрсетілген өзге де мәліметтер;

24) талап ету құқығы – оның басталуымен кепілдендіру/сақтандыру шарты кепілдік бойынша төлемді/сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін оқиға;

25) ұсыныс – электрондық цифрлық қолтаңбалар қойылған, қарыз алушы мен сақтандыру ұйымының субсидиялау шартын жасасуға арналған бірлескен электрондық ұсынысы;

26) "электрондық үкіметтің" веб-порталы – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополия субъектілерінің желілеріне қосылуға техникалық шарттар беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесін білдіретін ақпараттық жүйе;

27) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын, электрондық цифрлық символдар жиынтығы.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 15.05.2024 № 162 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.06.2024 № 216 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-1. Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде, жергілікті бюджеттен қаражат бөлу кезінде субсидиялауды ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО (көрсетілетін қызметті берушімен)

жүзеге асырады. Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру шеңберінде республикалық бюджеттен және (немесе) Қазақстан Республикасы Үкімет резервінен және (немесе) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан қаражат бөлу кезінде уәкілетті орган (көрсетілетін қызметті берушімен) жүзеге асырады.

Ескерту. Қағидалар 2-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 15.05.2024 № 162 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.06.2024 № 216 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Кепілдік бойынша комиссияның бір бөлігін субсидиялау осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес қызмет түрлері бойынша және мынадай шарттарға сәйкес келетін кредиттік шарттар бойынша жүзеге асырылады:

1) банктер, еншілес ұйымдар, кредиттік серіктестіктер және микроқаржы ұйымдары инвестицияларға және айналым қаражатын толықтыруға (оның ішінде жаңартылатын негізде) беретін, бұл ретте айналым қаражатының мөлшері кредит сомасының 50 (елу) пайызынан (бұдан әрі – %) аспайды;

2) кредит мерзімі – 10 (он) жылдан аспайды;

3) сыйақы мөлшерлемесі немесе ислам қағидаттарында қаржыландыруға қолданылатын кірістілік мөлшерлемесі жылдық 7,5 (жеті бүтін оннан бес) %-ға ұлғайта отырып, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген базалық сыйақы мөлшерлемесінен аспайтын мөлшерде;

4) кредит валютасы – теңге;

4-1) кепілдік мерзімі – кредит мерзімінен аспайды;

5) жеңілдікті кезең өткеннен кейін негізгі борышты жыл сайын тең үлестермен өтеумен;

6) ең жоғары сомасы 5 000 000 000 (бес миллиард) теңгеден артық емес;

7) нысаналы мақсаты негізгі құралдарды сатып алу, құрылыс, айналым қаражатын толықтыру, ауыл шаруашылығы жануарларын, техника мен технологиялық жабдықты сатып алу болып табылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.10.2022 № 347 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 15.05.2024 № 162 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.06.2024 № 216 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі); 09.12.2024 № 396 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

3-1. Көктемгі дала және/немесе егін жинау жұмыстарын жүргізуге кепілдік беру бойынша комиссияның бір бөлігін субсидиялау мынадай талаптарға сәйкес келетін кредиттік шарттар бойынша жүзеге асырылады:

1) банктер, еншілес ұйымдар, аймақтық инвестициялық орталықтар, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар, кредиттік серіктестіктер және микроқаржы ұйымдар айналым қаражатын толықтыруға беретін;

2) кредит мерзімі – ұзарту мүмкіндігімен, 18 (он сегіз) айдан аспайды;

3) сыйақы мөлшерлемесі жылдық 7,5 (жеті бүтін оннан бес) %-ға ұлғайта отырып Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген сыйақының базалық мөлшерлемесінен аспайтын мөлшерде;

4) кредит валютасы – теңге;

5) кредитті өтеу – кредиттік шарттың талаптарына сәйкес төлемдерді жүзеге асыру;

6) кредиттің ең жоғары сомасын кепілгер кепілгердің ішкі құжаттары негізінде айқындайды;

7) нысаналы мақсаты көктемгі дала және/немесе егін жинау жұмыстарын жүргізуге, агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін кейіннен өсімдік шаруашылығы өнімдерін сатып алуға алғы төлем жолымен қаржыландыру үшін айналым қаражатын толықтыруға қайта өңдеу кәсіпорындарына несие беруді қоса алғанда (бұдан әрі – көктемгі дала және/немесе егін жинау жұмыстары) айналым қаражатын толықтыру болып табылады;

8) кепілдік мерзімі – ұзарту мүмкіндігімен, кредиттік шарттың мерзімінен 4 (төрт) айға асатын мерзім;

9) кепілдік мөлшері – негізгі борыш сомасының 85 (сексен бес) %-нан аспайды;

10) кепілдік бергені үшін комиссия кепілдік сомасының 10 (он) %-нан аспайды, бұл ретте кепілдік сомасының 9,99 (тоғыз бүтін жүзден тоқсан тоғыз) %-нан аспайтын бір реттік субсидиялау жүзеге асырылады, ал қарыз алушы кепілдік сомасының 0,01 (нөл бүтін жүзден бір) %-ын төлейді;

11) соңғы қарыз алушы кредит қаражатын бөлу мақұлданған егіс алаңдарын сақтандыру бойынша міндеттемелерді қабылдайды.

Осы тармақшаның бірінші бөлігінде көрсетілген шарт Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 19 мамырдағы № 172 бұйрығымен ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20673 болып тіркелген) бекітілген Сақтандыру сыйлықақыларын субсидиялау қағидалары шеңберінде сақтандыру сыйлықақыларын субсидиялауға бюджет қаражаты және қолданыстағы сақтандыру лимиті болған кезде қолданылады.

Кепілгер кредит берушімен портфельдік кепілдік беру туралы келісім жасаса отырып, көктемгі дала және/немесе егін жинау жұмыстарын жүргізуге арналған кредиттік шарттар бойынша портфельдік кепілдік беру әдісін қолданады және осы Қағидалардың шарттарына сәйкес келісімде кепілгердің ішкі құжаттары негізінде қарыз алушыға кредит пен кепілдіктің ең жоғары сомасын белгілейді. Көктемгі дала және/немесе егін жинау жұмыстарын жүргізуге арналған кредиттер бойынша

портфельдік кепілдік беру әдісін қолданған кезде кредиттік шарттар дербес кредиттік шарттар ретінде, оның ішінде кредиттік желіні ашу туралы келісім шеңберінде ресімделеді.

Егер кредиттік шарт бойынша кредит беруші қарыз алушыларды одан әрі қаржыландыру мақсатында еншілес ұйымның қаражаты есебінен қаржыландырылған кредиттік серіктестік немесе әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорация болған жағдайда, портфельді кепілдендіру туралы келісім кепілгер, еншілес ұйым және кредиттік серіктестік немесе әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорация арасында жасалады.

Несие берушінің ішкі құжаттарында белгіленген рәсімге сәйкес несие беруші қарыз алушының қаржыландыруға өтінішін дербес қарайды.

Несие беруші кепілгер кепілдігімен көктемгі дала және/немесе егін жинау жұмыстарын жүргізуге несие беру туралы оң шешімді қабылдаған жағдайда, несие беруші несиелік шартқа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде кепілгерге несиелік шарттың көшірмесін, несие берушінің уәкілетті органының қаржыландыру туралы шешімін, осы қағидаға сәйкес кепілдік жөніндегі комиссияның бір бөлігіне ақы төлеу туралы құжатты ұсынады, оның негізінде кепілгер 2 (екі) жұмыс күні ішінде кепілдік міндеттемені ресімдейді және несие берушіге жібереді.

Кепілдік бойынша талап қою тәртібі және кепілдік міндеттемелері бойынша кепілгердің оны орындауы кепілгер осы қағидада белгіленген талаптарды сақтай отырып, портфельдік кепілдік беру туралы келісімге сәйкес жүргізеді.

Ескерту. Қағидалар 3-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 15.05.2024 № 162 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.06.2024 № 216 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз); өзгерістер енгізілді – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 09.12.2024 № 396 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі); 03.06.2025 № 188 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

3-2. Кепілдік бойынша комиссияның бір бөлігін субсидиялау осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес қызмет түрлері бойынша және мынадай шарттарға сәйкес келетін кредиттік шарттар бойынша жүзеге асырылады:

1) кредиторлар айналым қаражатын толықтыруға беретін;

2) кредит мерзімі – ұзарту мүмкіндігімен, 18 (он сегіз) айдан аспайды;

3) сыйақы мөлшерлемесі немесе ислам қағидаттарында қаржыландыруға қолданылатын кірістілік мөлшерлемесі жылдық 7,5 (жеті бүтін оннан бес) %-ға ұлғайта отырып, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген базалық сыйақы мөлшерлемесінен аспайтын мөлшерде;

4) кредит валютасы – теңге;

5) кредитті өтеу – кредиттік шарттың талаптарына сәйкес төлемдерді жүзеге асыру;

6) кредиттің ең жоғары сомасын кепілгер кепілгердің ішкі құжаттары негізінде айқындайды;

7) кепілдік мерзімі – ұзарту мүмкіндігімен, кредиттік шарттың мерзімінен 4 (төрт) айға асатын мерзім;

8) кепілдік мөлшері – негізгі борыш сомасының 85 (сексен бес) %-на (қоса алғанда) дейін;

9) кепілдік бергені үшін комиссия кепілдік сомасының 10 (он) %-нан аспайды, бұл ретте кепілдік сомасының 9,99 (тоғыз бүтін жүзден тоқсан тоғыз) % мөлшерінде бір реттік субсидиялау жүзеге асырылады және қарыз алушы кепілдік сомасының 0,01 (нөл бүтін жүзден бір) %-ын төлейді.

Кепілгер кредитормен портфельдік кепілдік беру туралы келісім жасаса отырып, айналым қаражатын толықтыруға арналған кредиттік шарттар бойынша портфельдік кепілдік беру әдісін қолданады және осы Қағидалардың шарттарына сәйкес келісімде кепілгердің ішкі құжаттары негізінде қарыз алушыға кредит пен кепілдіктің ең жоғары сомасын белгілейді. Айналым қаражатын толықтыруға арналған кредиттер бойынша портфельдік кепілдік беру әдісін қолданған кезде кредиттік шарттар дербес кредиттік шарттар ретінде, оның ішінде кредиттік желіні ашу туралы келісім шеңберінде ресімделеді.

Кредитордың ішкі құжаттарында белгіленген рәсімге сәйкес кредитор қарыз алушының қаржыландыруға өтінішін дербес қарайды.

Кредитор кепілгер кепілдігімен айналым қаражатын толықтыруға кредит беру туралы оң шешім қабылдаған жағдайда, кредитор кредиттік шартқа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде кепілгерге кредиттік шарттың көшірмесін, кредитордың уәкілетті органының қаржыландыру туралы шешімін, осы Қағидаларға сәйкес кепілдік жөніндегі комиссияның бір бөлігіне ақы төлеу туралы құжатты ұсынады.

Кепілдік бойынша талап қою тәртібі және кепілдік міндеттемелері бойынша оны кепілгердің орындауын кепілгер осы Қағидаларда белгіленген талаптарды сақтай отырып, портфельдік кепілдік беру туралы келісімге сәйкес жүргізеді.

Ескерту. 3-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 09.12.2024 № 396 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 03.06.2025 № 188 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

4. Кепілдік мөлшері – негізгі борыш сомасынан 50 (елу) % - ға дейін (қоса алғанда), бірақ осы Қағидалардың 5-тармағын қоспағанда, 1 500 000 000 (бір миллиард бес жүз миллион) теңгеден артық емес.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 02.03.2021 № 58 (алғашқы ресми жарияланған күнінен 10 күн өткесін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Басым инвестициялық жобалар бойынша кепілдік мөлшері жоба пайдалануға берілгенге дейін негізгі қарыз сомасынан 85 (сексен бес) %-ға (қоса алғанда) дейін, бірақ 2 550 000 000 (екі миллиард бес жүз елу миллион) теңгеден аспайды. Жоба пайдалануға берілгеннен кейін және оны қарыз алушы кредиторға кепілге бергеннен кейін кепілдік мөлшері осы қағидалардың 4-тармағына сәйкес мөлшерге дейін төмендейді.

Басым инвестициялық жобалардың тізбесі осы қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес айқындалған.

Жоба бойынша ғимараттар мен құрылыс-жайларды пайдалануға беру актісін уәкілетті органда тіркеу және (немесе) уәкілетті органда техниканы тіркеу және/немесе құны жоба құнының кемінде 50 (елу) %-ын құрайтын жабдықтарды және (немесе) биологиялық активтерді қабылдау-беру актісіне қол қою жобаны пайдалануға беру болып есептеледі.

Кепілгер екі жақты негіздемелік келісім жасай отырып және кепілдіктің ең жоғары сомасын белгілей отырып, портфельдік кепілдендіру әдісін қолданады. Кредиторды таңдауды кепілгер дербес жүзеге асырады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 15.05.2024 № 162 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5-1. Егер қарыз алушы кредиттік шарт бойынша негізгі борыш сомасын өтеу жөніндегі міндеттемелерді орындамаған/тиісінше орындамаған күннен бастап күнтізбелік 120 (жүз жиырма) күн ішінде қарыз алушы кредиттік шарт бойынша негізгі борыш сомасын өтеу жөніндегі міндеттемелерді орындамаған/тиісінше орындамаған болса, онда кредиторға кепілгерге талап қоюға жол беріледі. Осы Қағидалардың 3-1 және 3-2-тармақтарында көрсетілген кредиттік шарттар бойынша көктемгі дала және/немесе егін жинау жұмыстарын жүргізуге, айналым қаражатын толықтыруға кепілдік беру шеңберінде кредиттік шарттар бойынша кепілгерге қарыз алушы кредиттік шарт бойынша негізгі борыш сомасын өтеу жөніндегі міндеттемелерді орындамаған/тиісінше орындамаған күннен бастап күнтізбелік 90 (тоқсан) күн өткеннен кейін талаптар қояды.

Кредитор кредитордың қолданыстағы ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес қарыз алушыларды қарыздар бойынша қайта құрылымдауды ұсынады.

Ескерту. Қағидалар 5-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 15.05.2024 № 162 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 09.12.2024 № 396 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

5-2. Кепілгер кредиттік шарттар бойынша кепілдіктерді талап алған сәттен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде, ал осы Қағидалардың 3-1 және 3-2-тармақтарында

көрсетілген кредиттік шарттар бойынша көктемгі дала және/немесе егін жинау жұмыстарын жүргізуге, айналым қаражатын толықтыруға кепілдік беру шеңберінде кредиттік шарттар бойынша − талап алған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде төлейді.

Бұл ретте, кредиттік шарт бойынша кредиторлар қарыз алушыларды одан әрі қаржыландыру мақсатында еншілес ұйымдардың қаражаты есебінен қаржыландырылған кредиттік серіктестіктер немесе әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар болған жағдайда, кредиттік шарт бойынша міндеттемелерді кредиттік серіктестіктер немесе әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар еншілес ұйымдардың алдында өтейтін жағдайларды қоспағанда, кепілдік бойынша төлемді кепілгер еншілес ұйымдардың пайдасына жүргізеді. Мұндай жағдайларда кепілдік бойынша төлемді кепілгер кредиттік серіктестіктердің немесе әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың пайдасына жүргізеді.

Ескерту. Қағидалар 5-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 15.05.2024 № 162 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 03.06.2025 № 188 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

5-3. Кредитті нысаналы пайдаланбау фактілері анықталған кезде, кепілгер кепілдік сомасын нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылмаған кредит сомасына барабар төмендету туралы шешім қабылдайды.

Кредит толықтай нысаналы мақсатына сай пайдаланылмаған жағдайда, кепілгер кепілдікті тоқтатады.

Ескерту. Қағидалар 5-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 15.05.2024 № 162 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.06.2024 № 216 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Осы Қағидалардың 3-тармағы шеңберінде кредиттік шарттарға кепілдік беру үшін комиссия кепілдік сомасының 20 (жиырма) %-нан аспайды, бұл ретте кепілдік сомасының 19,99 (он тоғыз бүтін жүзден тоқсан тоғыз) % мөлшерінде бір реттік субсидиялау жүзеге асырылады және қарыз алушы кепілдік сомасының 0,01 (нөл бүтін жүзден бір) %-ын төлейді.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 09.12.2024 № 396 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Сақтандыру сыйлықақысы бойынша комиссияның бір бөлігін субсидиялау мынадай шарттарға сәйкес келетін қарыз шарты бойынша жүзеге асырылады:

1) сыйақы мөлшерлемесі немесе ислам қағидаттарында қаржыландыруға қолданылатын кірістілік мөлшерлемесі теңгемен жылдық 17 (он жеті) %-дан аспайтын мөлшерде;

2) ең жоғары сомасы 1 500 000 000 (бір миллиард бес жүз миллион) теңгеден аспайды;

3) нысаналы мақсаты негізгі құралдарды сатып алу, құрылыс, айналым қаражатын толықтыру, ауыл шаруашылығы жануарларын, техника мен технологиялық жабдықты сатып алу болып табылады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.10.2022 № 347 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Сақтандыру сомасы кредит бойынша негізгі берешек сомасының 50 (елу) %-нан артық болмауы тиіс.

9. Сақтандыру сыйлықақысы сақтандыру сомасының 30 (отыз) %-ынан артық болмауы тиіс, бұл ретте сақтандыру сыйлықақысының 50 (елу) %-дан аспайтын бір реттік субсидиялау жүзеге асырылады.

10. Кредитордың сақтандыру шарты бойынша талап ету құқығы қарызды өтеудің екінші кезегінде басталады. Егер қарыздың өтелмеген/мерзімі өткен бөлігінің мөлшері берілген қарыз сомасының 50 (елу) %-ынан артық болмаса, сақтандыру шарты сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздемейді.

11. Егер қарыздың өтелмеген/мерзімі өткен бөлігінің мөлшері берілген қарыз сомасының 50 (елу) %-нан артық болса, сақтандыру ұйымы берілген қарыздың 50 (елу) %-ы мен өтелмеген/мерзімі өткен бөлік мөлшері арасындағы айырмашылықтан аспайтын мөлшерде сақтандыру төлемін жүзеге асырады.

12. Субсидиялау шарты сақтандыру шартының мерзімі аяқталғанға дейін бұзылған жағдайда субсидиялау шартын қайта жасасуға жол берілмейді.

13. Ұсыныс берілгенге дейін 30 (отыз) жұмыс күнінен ерте жасалған сақтандыру шарттары субсидиялауға жатпайды.

14. Ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО (көрсетілетін қызметті беруші)/ уәкілетті орган (көрсетілетін қызметті беруші) агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау жөніндегі жеке ай сайынғы қаржыландыру жоспарын (бұдан әрі – Қаржыландыру жоспары)/ агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау жөніндегі жеке ай сайынғы қаржыландыру жоспарын (бұдан әрі – Қаржыландыру жоспары) бекіткеннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде оны веб-порталда орналастырады.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 15.05.2024 № 162 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 2-тарау. Субсидия алу шарттары

15. Кепілдендіру бойынша субсидиялар мынадай шарттар сақталған кезде төленеді:

1) кепілгердің кепілдік шарты жасалғаннан кейін немесе портфельдік кепілдік беру әдісін қолданған кезде осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінімді, осы Қағидаларға 3-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көктемгі дала және/немесе егін жинау жұмыстарын жүргізуге кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінімді және осы Қағидаларға 3-2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша айналым қаражатын толықтыруға кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінімді "электрондық үкіметтің" веб-порталының СМАЖ-бен өзара іс-қимылы арқылы электронды түрде беруі;

2) СМАЖ-да кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінімді тіркеуі;

3) СМАЖ-да деректері СМАЖ-дың "Заңды тұлғалар" немесе "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорларымен ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде расталған кепілгерде жеке шотының болуы.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 23.12.2022 № 438 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 15.05.2024 № 162 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.06.2024 № 216 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі); 09.12.2024 № 396 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

16. Сақтандыру бойынша субсидиялар мынадай шарттар сақталған кезде төленеді:

1) сақтандыру ұйымының осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сақтандыру бойынша субсидиялауға арналған өтінімді "электрондық үкімет" веб-порталының СМАЖ-бен өзара іс-қимылы арқылы электронды түрде беруі;

2) сақтандыру бойынша субсидиялауға арналған өтінімді СМАЖ-да тіркеуі;

3) СМАЖ-да деректері СМАЖ-дың "Заңды тұлғалар" немесе "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорларымен ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде расталған қарыз алушыда және сақтандыру ұйымында жеке шоттарының болуы;

4) веб-порталда осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалған агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын сақтандыру шеңберіндегі қолданыстағы (бұзылмаған және тоқтатылмаған) субсидиялау шартын сақтандыру бойынша субсидиялауға берілген өтінімнің болуы.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 23.12.2022 № 438 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. "Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау" мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі осы Қағидаларға 6-қосымшада жазылған.

Веб-портал мен СМАЖ-дың ақпараттық өзара іс-қимылы "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 23.12.2022 № 438 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Субсидиялар беру үшін қажетті мәліметтерді қамтитын СМАЖ істен шыққан жағдайда, ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО (көрсетілетін қызметті беруші) туындаған жағдай туралы уәкілетті органды (көрсетілетін қызметті берушіні) дереу хабардар етеді, ол оны жоюға кіріседі.

Бұл ретте, туындаған ақауды жою бойынша жұмыстар жүргізілгеннен кейін уәкілетті орган (көрсетілетін қызметті беруші) 3 (үш) жұмыс күні ішінде техникалық проблема туралы хаттама жасайды және оны СМАЖ-ға орналастырады.

Ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО (көрсетілетін қызметті беруші)/ уәкілетті орган (көрсетілетін қызметті беруші) субсидия алу сатысы туралы деректердің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізілуін қамтамасыз етеді.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 15.05.2024 № 162 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 3-тарау. Субсидияларды төлеу тәртібі

### 1-параграф. Кепілдендіру бойынша субсидиялар төлеу тәртібі

19. Веб-портал (бұдан әрі – жеке кабинет) арқылы тізілім деректеріне қолжетімділік беру үшін:

1) кепілгер СМАЖ-да өз бетінше тіркеу үшін ЭЦҚ алады;

2) кепілгер жыл сайын уәкілетті органға (көрсетілетін қызметті беруші) ЭЦҚ-сы бар жұмыскерлердің өзектендірілген тізімін жолдайды.

Ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО (көрсетілетін қызметті беруші) жыл сайын 20 қаңтарға дейін уәкілетті органға (көрсетілетін қызметті берушіге) ЭЦҚ-сы бар жұмыскерлердің өзектендірілген тізімін жолдайды.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 15.05.2024 № 162 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Жеке кабинетте тіркелу үшін кепілгер мынадай мәліметтерді көрсетеді:

1) бизнес сәйкестендіру нөмірі, толық атауы, бірінші басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және жеке сәйкестендіру нөмірі;

2) байланыс деректері (почталық мекенжайы, телефоны, электрондық почта мекенжайы);

3) екінші деңгейдегі банктің ағымдағы шотының деректемелері.

Жоғарыда көрсетілген мәліметтер өзгерген жағдайда, кепілгер 1 (бір) жұмыс күні ішінде жеке кабинетке енгізілген жеке шот деректерін өзгертеді.

21. Осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған алдын ала өтінімді/осы Қағидаларға 7-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көктемгі дала және/немесе егін жинау жұмыстарын жүргізуге кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған алдын ала өтінімді/осы Қағидаларға 7-2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша айналым қаражатын толықтыруға кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған алдын ала өтінімді қалыптастыру және тіркеу мынадай тәртіптердің бірі бойынша жеке кабинетте жүргізіледі:

1) қарыз алушыдан кредиторға кредит алуға өтінім келіп түскен кезде (кепілгерге кепілдендіру өтінімімен одан әрі жүгіну ниетімен) кредитор кепілдендіру үшін қажетті құжаттарды қоса бере отырып, кепілгерді хабардар етеді.

Кепілдік беру туралы мәселені қарау үшін кредитор кепілгерге кредитордың ішкі нормативтік құжаттарында айқындалған тізбе бойынша құжаттарды ұсынады.

Кепілгер кредитордан құжаттарды және қарыз алушыдан өтінішті алғаннан кейін 750 000 000 (жеті жүз елу миллион) теңгеден аспайтын кредиттер бойынша 5 (бес) жұмыс күні және 750 000 000 (жеті жүз елу миллион) теңгеден асатын кредиттер бойынша 10 (он) жұмыс күні ішінде оларды қарайды және кепілдік беру/бермеу туралы шешім қабылдау үшін жобаны кепілгердің уәкілетті органының қарауына шығарады.

Ұсынылған мәліметтердің және (немесе) құжаттардың толық еместігі анықталған жағдайда, кепілгер 3 (үш) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттар бойынша нақты кемшіліктерді көрсете отырып, ұсынылған құжаттарды кредиторға/қарыз алушыға пысықтау үшін қайтарады. Бұл ретте өтінімді қараудың жалпы мерзімі құжаттардың толық топтамасын алған күннен бастап тоқтатылады және қайта басталады.

Кәсіпкер және (немесе) ұсынылған материалдар осы Қағидалардың шарттарына және (немесе) кепілгердің уәкілетті органы бекіткен оның талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, кепілгер нақты себептерін көрсете отырып, уәжді бас тартуды жібереді.

Жоба осы Қағидалардың шарттарына сәйкес келмеген, сондай-ақ қарыз алушылар кредитордың шешімімен белгіленген қарыз алушыларға қойылатын талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, кепілгердің кепілдік беруден бас тартуына жол беріледі.

Кепілгер кепілдік беру туралы оң шешім қабылдаған кезде СМАЖ-да кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған алдын ала өтінім/көктемгі дала және/немесе егін жинау жұмыстарын жүргізуге кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған алдын ала өтінім/айналым қаражатын толықтыруға кепілдік беру бойынша субсидия алуға арналған алдын ала өтінім қалыптастырылады;

2) кепілгердің ішкі нормативтік құжаттарында айқындалған тізбе бойынша құжаттарды қоса бере отырып, қарыз алушыдан кепілдік алуға кепілгерге тікелей

өтінім келіп түскен кезде соңғысы кредитордың пайдасына кепіл беру туралы мәселені қарайды.

Кепілгер қарыз алушыдан өтініш пен құжаттарды алғаннан кейін осы Қағидалардың осы тармағының 1) тармақшасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қарайды және олар бойынша шешім қабылдайды. Кепілгер кепілдік беру туралы оң шешім қабылдаған кезде СМАЖ-да кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған алдын ала өтінім/көктемгі дала және/немесе егін жинау жұмыстарын жүргізуге кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған алдын ала өтінім/айналым қаражатын толықтыруға кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған алдын ала өтінім қалыптастырылады;

3) кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған алдын ала өтінім/көктемгі дала және/немесе егін жинау жұмыстарын жүргізуге кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған алдын ала өтінім/айналым қаражатын толықтыруға кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған алдын ала өтінім кепілгердің ЭЦҚ-ны пайдалана отырып, оған қол қоюы арқылы СМАЖ-да тіркеледі және ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО-ның (көрсетілетін қызметті берушінің)/уәкілетті органның (көрсетілетін қызметті берушінің) жеке кабинетінде қолжетімді болады. Ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО-ның (көрсетілетін қызметті берушінің)/уәкілетті органның ( көрсетілетін қызметті берушінің) электрондық мекенжайына кепілдік беру бойынша субсидия алуға арналған алдын ала өтінімнің қарауға келіп түскені туралы электрондық хабарлама жіберіледі.

Кепілдік шарты жасалғаннан кейін кепілгер кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған алдын ала өтінімді/көктемгі дала және/немесе егін жинау жұмыстарын жүргізуге кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған алдын ала өтінімді/айналым қаражатын толықтыруға кепілдік беру бойынша субсидия алуға арналған алдын ала өтінімді қайтарып алады және кепілдендіру бойынша субсидия алуға өтінімді/көктемгі дала және/немесе егін жинау жұмыстарын жүргізуге кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінімді/айналым қаражатын толықтыруға кепілдендіру бойынша субсидия алуға өтінімді береді.

Көктемгі дала және/немесе егін жинау жұмыстарын жүргізуге немесе айналым қаражатын толықтыруға арналған кредиттер бойынша портфельдік кепілдік беру әдісін қолданған кезде кепілдік беру бойынша субсидия алуға алдын ала өтінім берілмейді.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 03.06.2025 № 188 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінімді және осы Қағидаларға 3-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көктемгі дала және/немесе егін жинау жұмыстарын жүргізуге кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінімді/осы Қағидаларға 3-2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша айналым қаражатын толықтыруға кепілдендіру бойынша субсидия

алуға арналған өтінімді қалыптастыру және тіркеу жеке кабинетте мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) СМАЖ-ды тексеру үшін қажетті мәліметтерді енгізе отырып, кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінім/көктемгі дала және/немесе егін жинау жұмыстарын жүргізуге кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінім айналым қаражаты толықтыруға кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінім қалыптастырылады;

2) кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінім/ көктемгі дала және/ немесе егін жинау жұмыстарын жүргізуге кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінім/айналым қаражатын толықтыруға кепілдендіру бойынша бойынша субсидия алуға арналған өтінім кепілгердің ЭЦҚ-ны пайдалана отырып, қол қоюы арқылы СМАЖ-да тіркеледі және ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО-ның (көрсетілетін қызметті берушінің)/уәкілетті органның (көрсетілетін қызметті берушінің ) жеке кабинетінде қолжетімді болады. Ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО-ның (көрсетілетін қызметті берушінің)/уәкілетті органның (көрсетілетін қызметті берушінің) электрондық мекенжайына кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінімнің қарауға келіп түскені туралы электронды хабарлама жіберіледі.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 09.12.2024 № 396 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. Ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО (көрсетілетін қызметті беруші)/ уәкілетті орган (көрсетілетін қызметті беруші) кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінім/көктемгі дала және/немесе егін жинау жұмыстарын жүргізуге кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінім/айналым қаражатын толықтыруға кепілдік беру бойынша бойынша субсидия алуға арналған өтінім тіркелген сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде тиісті хабарламаға ЭЦҚ қою арқылы оның қабылданғанын растайды. Субсидиялауға арналған өтінімді растау туралы хабарлама электрондық құжат нысанында СМАЖ-да кепілгердің жеке кабинетіне жіберіледі.

Ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО (көрсетілетін қызметті беруші)/ уәкілетті орган (көрсетілетін қызметті беруші) төлем шоттарын қалыптастырған сәтке дейін кепілдендіру бойынша субсидиялауға тіркелген өтінімде/көктемгі дала және/ немесе егін жинау жұмыстарын жүргізуге кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінімде/айналым қаражатын толықтыруға кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінімде деректердің сәйкессіздігінің болуы анықталса, онда кепілгер кері қайтарып алу себебін көрсете отырып, кепілдік беру бойынша субсидия алуға арналған өтінімді/көктемгі дала және/немесе егін жинау жұмыстарын жүргізуге

кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінімді/айналым қаражатын толықтыруға кепілдік беру бойынша бойынша субсидия алуға арналған өтінімді кері қайтарып алады.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 09.12.2024 № 396 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. Ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО (көрсетілетін қызметті беруші)/уәкілетті орган (көрсетілетін қызметті беруші) кепілдендіру бойынша субсидиялауға арналған өтінім/көктемгі дала және/немесе егін жинау жұмыстарын жүргізуге кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінім/айналым қаражатын толықтыруға кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінім берілген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде оның осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкестігіне тексеруді жүзеге асырады және тексеру қорытындылары бойынша Қаржыландыру жоспарына сәйкес СМАЖ-да "Қазынашылық-Клиент" ақпараттық жүйесіне жүктелетін кепілдендіру бойынша субсидияны төлеуге арналған төлем шотын қалыптастырады.

Ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО (көрсетілетін қызметті беруші)/уәкілетті орган (көрсетілетін қызметті беруші) осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидияны аудару туралы хабарламаны (бұдан әрі – субсидияны аудару туралы хабарлама) не Тізбенің 9-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы хабарлама) дайындайды.

Субсидияны аудару туралы хабарлама не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарлама электрондық құжат нысанында СМАЖ-да тіркеу кезінде кепілгер көрсеткен электрондық почта мекенжайына, сондай-ақ кепілгердің СМАЖ-дағы жеке кабинетіне жіберіледі.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 09.12.2024 № 396 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Осы қағидалардың 1 және 2-қосымшасына сәйкес қызмет түрлері бойынша жобаларға кепілдік беру үшін бюджет қаражаты болмаған/жетіспеген жағдайда, кепілгер қосымша бюджет қаражатын алғанға дейін жобаларға кепілдік беруді тоқтата тұрады.

Бұл ретте көктемгі дала және/немесе егін жинау жұмыстарын жүргізуге арналған жобалар бойынша жобаларға кепілдік беру үшін бюджет қаражаты болмаған/

жетіспеген жағдайда кепілдік беруді, оның ішінде бюджеттен қаражаттың кейіннен өтелуін ескере отырып, кепілдік шарттарын жасасу жолымен жүзеге асыруды жалғастырады.

Кепілдіктер берілген қаржы жылының соңына дейін бюджеттен қаражат өтелмеген немесе толық өтелмеген кезде кепілгер кепілдіктер беруді және тиісті шарттар жасасуды комиссияның кепілгеріне берілген кепілдіктерді төлеу жөніндегі толық есеп жүзеге асырылғанға дейін тоқтата тұрады.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.06.2024 № 216 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25-1. Ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО (көрсетілетін қызметті беруші), кепілгер тоқсан сайын, есептік тоқсаннан кейінгі айдың 15 (он бесінші) күнінен кешіктірмей, сондай-ақ жыл сайын, есептік жылдан кейінгі айдың 20 ( жиырмасыншы) күнінен кешіктірмей уәкілетті органға (көрсетілетін қызметті берушіге ) осы Қағидаларға 9-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қарыздарға кепілдік беру жөніндегі субсидиялардың нақты пайдаланылуы туралы есеп береді.

Ескерту. Қағида 25-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.10.2022 № 347 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 03.06.2025 № 188 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

26. Субсидиялау мынадай жағдайларда тоқтатылады:

1) заңды күшіне енген сот шешімі бойынша кепілгердің шоттарына тыйым салынуы ;

2) кепілгердің субсидия алудан бас тарту туралы жазбаша өтініші;

3) кепілдік шартының бұзылуы.

**2-параграф. Сақтандыру бойынша субсидияларды төлеу тәртібі**

27. Сақтандыру бойынша субсидиялау мынадай процестерді қамтиды:

1) ұсыныс қабылдау;

2) субсидиялау шартын жасасу;

3) қарыз алушыны субсидиялау кестесін қалыптастыру;

4) сақтандыру бойынша субсидиялауға өтінім беру;

5) субсидияларды төлеу;

6) субсидиялау шартын өзгерту;

7) субсидиялау шартын тоқтату.

28. СМАЖ-да жеке шот ашу үшін қарыз алушыда және сақтандыру ұйымында ЭЦҚ болуы тиіс.

Қарыз алушы және сақтандыру ұйымы жеке шоттар ашқан кезде тіркелу үшін мынадай мәліметтерді көрсетеді:

1) жеке тұлғалар және дара кәсіпкерлер үшін: жеке сәйкестендіру нөмірі, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі;

2) заңды тұлғалар және бірлескен кәсіпкерлік нысанындағы дара кәсіпкерлер үшін: бизнес сәйкестендіру нөмірі, толық атауы; бірінші басшының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі және жеке сәйкестендіру нөмірі;

3) байланыс деректері (почталық мекенжайы, телефоны, электрондық почта мекенжайы);

4) екінші деңгейдегі банктің ағымдағы шотының деректемелері.

Жоғарыда көрсетілген деректер өзгерген жағдайда, қарыз алушы және сақтандыру ұйымы 1 (бір) жұмыс күні ішінде жеке кабинетке енгізілген жеке шот деректерін өзгертеді.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 23.12.2022 № 438 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29. Осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсыныстар қабылдау веб-портал арқылы тиісті жылдың 1 ақпанынан бастап жүзеге асырылады.

30. Ұсынысты қарыз алушы береді және ол сақтандыру ұйымының ЭЦҚ-сымен расталады.

31. Ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО-ның (көрсетілетін қызметті берушінің) жауапты орындаушысы ұсынысты алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде веб-порталда мынадай іс-қимылдарды жүзеге асырады:

1) ұсынысты СМАЖ-да тіркеу;

2) ұсыныстың осы Қағидаларда белгіленген субсидиялау шарттарына сәйкестігін тексеруді, оның ішінде сақтандыру шарты талаптарының осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес белгіленген сақтандыру шарттарына қойылатын талаптарға сәйкестігін тексеру."

3) ұсыныс бойынша шешімді қабылдау мен ресімдеу.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 23.12.2022 № 438 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

32. Ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО-ның (көрсетілетін қызметті берушінің) ұсыныс бойынша шешімі:

1) сақтандыру ұйымының атауын және орналасқан жерін;

2) өтінімі бойынша субсидиялау шартын жасасу/жасасудан бас тарту туралы шешім қабылданған қарыз алушының атауы мен орналасқан жерін және, бас тартылған жағдайда, осындай бас тарту себептерінің тізбесін;

3) кредит (қарыз) сомасын;

4) сыйақы мөлшерлемесін;

5) кредит беру мерзімін;

6) кредиттің нысаналы мақсатын;

7) сақтандыру сомасын;

8) сақтандыру мерзімін;

9) субсидиялау мерзімін;

10) ағымдағы жылы төленетін субсидиялау сомасын қамтиды.

33. Ұсыныс бойынша шешімге ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО-ның (көрсетілетін қызметті берушінің) бірінші басшысының не оны алмастыратын адамның ЭЦҚ-сы қойылады.

Ұсыныс бойынша шешім қарыз алушының және сақтандыру ұйымының СМАЖ-дағы жеке кабинетіне жіберіледі.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 23.12.2022 № 438 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

34. Субсидиялау шарты веб-порталда ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО-ның (көрсетілетін қызметті берушінің) шешімі негізінде қарыз алушы, сақтандыру ұйымы және ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО-ның ( көрсетілетін қызметті берушінің) арасында 3 (үш) жұмыс күні ішінде қарыз алушы, сақтандыру ұйымы ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО-ның (көрсетілетін қызметті берушінің) ұсыныс бойынша оң шешім туралы хабарламасын алған күннен бастап электрондық нысанда жасалады.

35. Қарыз алушы, сақтандыру ұйымы немесе ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО (көрсетілетін қызметті беруші) ұсыныс бойынша шешім қабылдаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде субсидиялау шартына қол қоймаған жағдайда , ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО-ның (көрсетілетін қызметті берушінің ) бұрын қабылдаған шешімі жойылады. Қайталама ұсынысты қалыптастыру осы Қағидалардың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

36. Субсидиялау шарты мынадай жағдайларда оны бұзуды көздейді:

1) қарыз алушының немесе сақтандыру ұйымының субсидиялар алудан бас тартуы туралы жазбаша өтініші;

2) қарыз алушының қарыз шарты бойынша кредитор алдындағы міндеттемелерін толық өтеуі;

3) қарыз алушының сақтандыру сыйлықақысының субсидияланбайтын бөлігін өтеу бойынша сақтандыру ұйымы алдындағы міндеттемелерін орындамауы;

4) сақтандыру шартын бұзу немесе тоқтату.

37. Сақтандыру ұйымы субсидиялау шартына қол қойылғаннан кейін 14 (он төрт) жұмыс күні ішінде веб-порталда сақтандыру ұйымы және ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО (көрсетілетін қызметті беруші) ЭЦҚ қоятын, осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қарыз алушыны субсидиялау кестесін қалыптастырады.

38. Сақтандыру бойынша субсидиялауға арналған өтінімді сақтандыру ұйымы тиісті жылдың 1 ақпанынан бастап береді.

Ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО-ның (көрсетілетін қызметті берушінің) жауапты орындаушысы сақтандыру бойынша субсидиялауға арналған өтінімді алған сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде тиісті хабарламаға ЭЦҚ қою арқылы оның қабылданғанын растайды. Субсидиялауға арналған өтінімді растау туралы хабарлама электрондық құжат нысанында СМАЖ-ғы сақтандыру ұйымының жеке кабинетіне жіберіледі.

Ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО (көрсетілетін қызметті беруші) төлем шоттарын қалыптастырғанға дейін сақтандыру бойынша субсидиялауға тіркелген өтінімде деректердің сәйкессіздігінің болуы анықталса, сақтандыру ұйымы кері қайтарып алу себебін көрсете отырып, сақтандыру бойынша субсидиялауға арналған өтінімді кері қайтарып алады.

Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 15.05.2024 № 162 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

39. Ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО-ның (көрсетілетін қызметті берушінің) жауапты орындаушысы сақтандыру бойынша субсидиялауға арналған өтінім берілген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде оның осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады және тексеру қорытындылары бойынша Қаржыландыру жоспарына сәйкес СМАЖ-да сақтандыру сыйлықақысы бойынша субсидияны сақтандыру ұйымының банктік шотына аудару үшін "Қазынашылық-Клиент" ақпараттық жүйесіне жүктелетін субсидияларды төлеуге арналған төлем шоттарын қалыптастырады.

Ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО-ның (көрсетілетін қызметті берушінің) жауапты орындаушысы осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде субсидияны аудару туралы хабарламаны не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны дайындайды.

Субсидияны аудару туралы хабарлама не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарлама электрондық құжат нысанында СМАЖ-да тіркеу кезінде сақтандыру ұйымы көрсеткен электрондық почта мекенжайына, сондай-ақ кепілгердің СМАЖ-дағы жеке кабинетіне жіберіледі.

Ескерту. 39-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 23.12.2022 № 438 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

40. Субсидиялар көлемі тиісті айға арналған Қаржыландыру жоспарында көзделген бюджет қаражатының көлемінен асатын сақтандыру бойынша субсидия алуға субсидия алуға арналған өтінімдер бойынша субсидияларды төлеу өтінімдер келіп түскен күнге сәйкес кезектілік бойынша келесі айда жүзеге асырылады.

41. Сақтандыру ұйымы субсидиялау шартын өзгерту/бұзу үшін негіз болып табылатын оқиға туындаған кезде СМАЖ-да ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО-ны (көрсетілетін қызметті берушіні) осындай оқиға туралы 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабардар етеді.

Ескерту. 41-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 23.12.2022 № 438 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

42. Ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО (көрсетілетін қызметті беруші) сақтандыру ұйымынан хабарлама алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде субсидиялау шартын өзгертуге/бұзуға шешім қабылдайды және ресімдейді және бұл туралы қабылданған шешімнің көшірмесін қоса бере отырып, қарыз алушыны және сақтандыру ұйымын СМАЖ-да хабардар етеді.

Ескерту. 42-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 23.12.2022 № 438 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

43. Сақтандыру ұйымы субсидиялау шарты өзгергеннен кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде веб-порталда сақтандыру ұйымы және ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО (көрсетілетін қызметті беруші) ЭЦҚ-мен қол қойылатын қарыз алушыны субсидиялау кестесіне өзгерістер қалыптастырады

44. Субсидиялау шарты қарыз алушы мен сақтандыру ұйымы ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО-ның тиісті шешімі туралы хабарламаны алған күннен бастап өзгертілген/бұзылған болып есептеледі.

## 4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселесі бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

45. Ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО-ның (көрсетілетін қызметті берушінің)/уәкілетті органның (көрсетілетін қызметті берушіге) мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы (бұдан әрі – жергілікті атқарушы орган) басшысының атына, уәкілетті органға (көрсетілетін қызметті беруші), мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘПК) 91-бабының 4-тармағына сәйкес шағым келіп түскен жағдайда, ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО (көрсетілетін қызметті беруші)/уәкілетті орган (көрсетілетін қызметті беруші) оны келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымды қарайтын органға жібереді. Ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО-ның (көрсетілетін қызметті беруші)/уәкілетті органның (көрсетілетін

қызметті берушінің) шағымы қолайлы акт қабылданған, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік іс-әрекет жасалған жағдайда, шағымды қарайтын органға жіберілмейді.

Ескерту. 45-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 15.05.2024 № 162 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

46. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес жергілікті атқарушы органның, уәкілетті органның (көрсетілетін қызметті берушінің) атына келіп түскен қарыз алушының, кепілгердің, сақтандыру ұйымының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен қарыз алушының, кепілгердің, сақтандыру ұйымының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, ҚР Әкімшілік кодексінің 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

Ескерту. 46-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 15.05.2024 № 162 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Агроөнеркәсіптік кешен
субъектілерінің қарыздарын
кепілдендіру мен сақтандыру
шеңберінде субсидиялау
қағидаларына
1-қосымша

## Қызмет түрлері

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 03.06.2025 № 188 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

| р/с № | Тауарлар тобының атауы | Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің атауы | Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1-тарау. Ауыл және балық шаруашылығы | | | |
| 1 | Өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы, және осы салаларда көрсетілетін қызметті ұсыну | Бір- немесе екіжылдық дақылдарды өсіру | 011 |
| | | Көпжылдық дақылдарды өсіру | 012 |
| | | Өсімдіктердің ұдайы өндірісі | 013 |
| | | Мал шаруашылығы | 014 |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Аралас ауыл шаруашылығы | 015 |
| 2 | Балық шаруашылығы | Балық шаруашылығы | 032 |
| 2-тарау. Тамақ өнімдерін өндіру | | | |
| 3 | Етті өңдеу және консервілеу және ет өнімдерінің өндірісі | | 101 |
| 4 | Балықты, шаян тәрізділерді және моллюскаларды өңдеу және консервілеу | | 102 |
| 5 | Жемістерді және көкөністерді өңдеу және консервілеу | | 103 |
| 6 | Өсімдік және мал майы мен тоң-май өндірісі | | 104 |
| 7 | Сүт өнімдерінің өндірісі | | 105 |
| 8 | Ұн жарма өнімдерінің, крахмал және крахмал өнімдерінің өндірісі | | 106 |
| 9 | Нан-тоқаш, макарон және ұннан жасалған кондитерлік өнімдерді өндіру | | 107 |
| 10 | Басқа тамақ өнімдерінің өндірісі | Қант өндірісі | 1081 |
| | | Какао, шоколад және қантты кондитерлік өнімдер өндірісі | 1082 |
| | | Татымдылықтар мен дәмдеуіштер өндірісі | 1084 |
| | | Балалар тағамы және диеталық тамақ өнімдері өндірісі | 1086 |
| | | Басқа санаттарға енгізілмеген өзге тамақ өнімдерінің өндірісі | 1089 |
| 11 | Жануарларға арналған дайын азықтар өндірісі | | 109 |
| 3-тарау. Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу | | | |
| 12 | Тоқыма бұйымдарын өндіру | Жүн талшықты дайындау | 13103 |
| | | Жүн талшығын иіру | 13104 |
| | | Жүн маталарды өндіру | 13202 |
| 13 | Былғары және оған жататын өнімдерді өндіру | Былғарыны илеу және өңдеу | 15111 |
| | | Үлбірді өңдеу және бояу | 15113 |
| | | Қайыс-ертоқым бұйымдарын өндіру | 15122 |

Агроөнеркәсіптік кешен
субъектілерінің қарыздарын
кепілдендіру мен сақтандыру
шеңберінде субсидиялау
қағидаларына
2-қосымша

## Басым инвестициялық жобалардың тізбесі

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 03.06.2025 № 188 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

| Р/с № | Атауы |
| --- | --- |
| 1 | Тауарлық сүт фермалары |
| 2 | Құстарды ет үшін өсіру |
| 3 | Қарқынды бақ шаруашылығы |
| 4 | Жылыжайлар |
| 5 | Қант қызылшасын өсіру және қызылша қантын өндірісі |
| 6 | Жарма өндірісі |
| 7 | Жемістер, көкөністерді және ауыл шаруашылығы өнімерін өңдеу және/немесе сақтау |
| 8 | Өсімдік май және (немесе) тоң-май өнімдерінің өндірісі |
| 9 | Жемшөп дақылдары, картоп және (немесе) көкөніс өнімдерін өсіру,оның ішінде суару жүйелерін пайдалану |
| 10 | Құс шаруашылығында асыл тұқымды репродуктор салу |
| 11 | Етті бағыттағы мал шаруашылығы кәсіпорындарын |
| 12 | Балық шаруашылғы |
| 13 | Ауыл шаруашылығы жануарларының терісі мен жүнін қайта өңдеу |

Агроөнеркәсіптік кешен
субъектілерінің қарыздарын
кепілдендіру мен сақтандыру
шеңберінде субсидиялау
қағидаларына
3-қосымша
Нысан

## Кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінім

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 09.12.2024 № 396 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

(кімге) ________________________________________________________

(облыстың, республикалық маңызы қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы /

агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган)

(кімнен) ____________________________________________________________

(кепілгердің толық атауы)

Осымен "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамының кепілдік беру жөніндегі еншілес ұйымы (бұдан әрі – Кепілгер) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 9-1/71 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12183 болып тіркелген) бекітілген Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау қағидаларына сәйкес Кепілгер

_________________________________________________________________________

(қарыз алушының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі (бұдан әрі – қарыз алушының аты-жөні)/атауы) және__________________________________________

(кредитордың атауы (бұдан әрі – кредитор)

арасында кепілдік шартына қол қойылғанын хабарлайды.

Кепілдік кредиттік шарт бойынша ____________________________________

(қарыз алушының аты-жөні/атауы)

__________________________________ алдындағы міндеттемелердің орындалуын

(кредитордың атауы)

қамтамасыз ету ретінде берілді.

Жоғарыда баяндалғанға байланысты сізден ___________________

(кепілдеме сомасынан 19,99 (он тоғыз бүтін жүзден тоқсан тоғыз) пайыз (бұдан әрі – %)

мөлшеріндегі субсидияны мынадай деректемелер бойынша аударуды сұраймыз:

Төлемді тағайындаған кезде қарыз алушының аты-жөні/атауын және кепілдік комиссиясы аударылатын кепілдік шартының күнін көрсетуді сұраймыз.

1. Өтінім беруші туралы мәліметтер.

Аты-жөні/атауы________________________________________________________

жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН)/бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН)

____________________________________________________________

басшының аты-жөні ____________________________________________________

мекенжайы: __________________________________________________________

телефон (факс) нөмірі: _________________________________________________

Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші бойынша код (ЭҚТЖК):____________________________________________________________

2. Екінші деңгейлі банктегі шот бойынша мәліметтер:
БСН ______________________________________________________________
Бенефициар коды (бұдан әрі – Кбе) ___________________________________
Кредитор деректемелері: _____________________________________________
Кредитор атауы: ____________________________________________________
БСК (банктік сәйкестендіру коды) ____________________________________
ЖСК (жеке сәйкестендіру коды) ______________________________________
БСН _____________________________________________________________
Кбе ______________________________________________________________
3. Кредитор мен қарыз алушы арасында жасалған кредиттік шарт (бұдан әрі – КШ) туралы мәліметтер:

| Р/с № | КШ (нөмірі және күні) | Қарыз алушының атауы | Қарыз алушының ЖСН-сы/БСН-сы | Өнім (қаржыландыру) түрі (кредит немесе кредит желісі) |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | | |

кестенің жалғасы

| Кредиттің/ кредит желісінің сомасы және валютасы | Кредит беру мақсаты | Кредиттің/ кредит желісінің мерзімі | Сыйақы мөлшерлемесі, % |
|---|---|---|---|
| 6 | 7 | 8 | 9 |
| | | | |

4. Кепілдік шарты (бұдан әрі – КепШ) туралы мәліметтер:

| Р/с № | КепШ (нөмірі және күні) | Қарыз алушының атауы | Қарыз алушының ЖСН-сы/ БСН-сы | Кепілдік сомасы , теңге | Кепілдік мерзімі , жыл |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | | |

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймыз, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дұрыс емес мәліметтер ұсынғанымыз үшін жауапкершілік туралы хабардармыз және заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға, сондай-ақ дербес деректер мен өзге де ақпаратты жинауға, өңдеуге келісім береміз.

Кепілгер 20__ жылы "__" __________ сағат ____ қол қойып, жіберді:
Электрондық цифрлық қолтаңбадан (бұдан әрі – ЭЦҚ) алынған деректер
ЭЦҚ қою күні мен уақыты
Өтінімді қабылдау туралы хабарлама:
Жұмыс органы 20__ жылы "__" ___________сағат ____ қабылдады:
ЭЦҚ-дан алынған деректер
ЭЦҚ қою күні мен уақыты

Агроөнеркәсіптік кешен
субъектілерінің қарыздарын
кепілдендіру мен сақтандыру
шеңберінде субсидиялау

қағидаларына
3-1-қосымша
Нысан

**Көктемгі дала және/немесе егін жинау жұмыстарын жүргізуге кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінім**

Ескерту. Қағидалар 3-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 15.05.2024 № 162 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 09.12.2024 № 396 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

(кімге)______________________________________________________________

(облыстың, республикалық маңызы қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы /
агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган)

(кімнен)_______________________________________________________

(кепілгердің толық атауы)

Осымен "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамының кепілдік беру жөніндегі еншілес ұйымы (бұдан әрі – Кепілгер) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 9-1/71 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12183 болып тіркелген) бекітілген Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау қағидаларына сәйкес Кепілгер

__________________________________________________________________

(қарыз алушының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі (бұдан әрі – қарыз алушының аты-жөні)/атауы) және______________________________________

(кредитордың атауы (бұдан әрі – кредитор)

арасында кепілдік шартына қол қойылғанын хабарлайды.

Кепілдік кредиттік шарт бойынша _________________________________

(қарыз алушының аты-жөні/атауы)

_______________________________ алдындағы міндеттемелердің орындалуын

(кредитордың атауы)

қамтамасыз ету ретінде берілді.

Жоғарыда баяндалғанға байланысты Сізден _________________________

(кепілдеме сомасынан 9,99 (тоғыз бүтін жүзден тоқсан тоғыз) пайыз (бұдан әрі – %) мөлшеріндегі субсидияны мынадай деректемелер бойынша аударуды сұраймыз;

Төлемді тағайындаған кезде қарыз алушының аты-жөні/атауын және кепілдік

комиссиясы аударылатын кепілдік шартының күнін көрсетуді сұраймыз.

1. Өтінім беруші туралы мәліметтер.

аты- жөні/атауы ___________________________________________________________
_

жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН)/бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН) ___________________________________________________________

Басшының аты-жөні___________________________________________________________

мекенжайы: ___________________________________________________________

телефон (факс) нөмірі: ___________________________________________________________

Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші бойынша код (ЭҚТЖК):___________________________________________________________

2. Екінші деңгейлі банктегі шот бойынша мәліметтер:

БСН ___________________________________________________________

Бенефициар коды (бұдан әрі – Кбе) _________________________________________

Кредитор деректемелері: _________________________________________

Кредитор атауы: ___________________________________________________________

БСК (банктік сәйкестендіру коды) _________________________________________

ЖСК (жеке сәйкестендіру коды) _________________________________________

БСН ___________________________________________________________

Кбе ___________________________________________________________

3. Кредитор мен қарыз алушы арасындағы жасалған кредиттік шарт (бұдан әрі – КШ)

туралы мәліметтер:

| Р/с № | КШ (нөмірі мен күні) | Қарыз алушының атауы | Қарыз алушының ЖСН-сы/БСН-сы | Өнім (қаржыландыру) түрі (кредит немесе микрокредит) |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | | |

кестенің жалғасы

| Кредиттің/ кредит желісінің сомасы және валютасы | Кредит беру мақсаты | Кредиттің/ кредит желісінің мерзімі (күн/ай/жыл) | Сыйақы мөлшерлемесі, % |
|---|---|---|---|
| 6 | 7 | 8 | 9 |
| | | | |

4. Кепілдік шарт туралы мәліметтер: (бұдан әрі – КепШ)

| Р/с № | КепШ (нөмірі мен күні) | Қарыз алушының атауы | Қарыз алушының ЖСН-сы/ БСН-сы | Кепілдік сомасы, теңге | Кепілдік мерзімі (күн/ай/жыл) |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | | |

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймыз, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дұрыс емес мәліметтер ұсынғанымыз үшін жауапкершілік туралы

хабардармыз және заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға, сондай-ақ дербес деректерді жинауға, өңдеуге келісім береміз.

Кепілгер 20__ жылы "__" __________ сағат ____ қол қойып, жіберді:

Электрондық цифрлық қолтаңбадан (бұдан әрі – ЭЦҚ) алынған деректер

ЭЦҚ қою күні мен уақыты

Өтінімді қабылдау туралы хабарлама:

Жұмыс органы 20__ жылы "__" ___________сағат ____ қабылдады:

ЭЦҚ-дан алынған деректер

ЭЦҚ қою күні мен уақыты

Агроөнеркәсіптік кешен
субъектілерінің қарыздарын
кепілдендіру мен сақтандыру
шеңберінде субсидиялау
қағидаларына
3-2-қосымша
Нысан

**Айналым қаражатын толықтыруға кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінім**

Ескерту. 3-2-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 09.12.2024 № 396 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

(кімге)______________________________________________________________

(облыстың, республикалық маңызы қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы /

агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган)

(кімнен)_______________________________________________________

(Кепілгердің толық атауы)

Осымен "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамының кепілдік беру жөніндегі еншілес ұйымы (бұдан әрі – Кепілгер) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 9-1/71 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12183 болып тіркелген) бекітілген Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау қағидаларына сәйкес Кепілгер

_____________________________________________________________________

(қарыз алушының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі (бұдан әрі – қарыз алушының аты-жөні)/атауы) және_______________________________________

(кредитордың атауы (бұдан әрі – кредитор)

арасында кепілдік шартына қол қойылғанын хабарлайды.

Кепілдік кредиттік шарт бойынша __________________________________
(қарыз алушының аты-жөні/атауы)
________________________________ алдындағы міндеттемелердің орындалуын
(кредитордың атауы)
қамтамасыз ету ретінде берілді.
Жоғарыда баяндалғанға байланысты Сізден _________________________
(кепілдеме сомасынан 9,99 (тоғыз бүтін жүзден тоқсан тоғыз) пайыз (бұдан әрі – %) мөлшеріндегі субсидияны мынадай деректемелер бойынша аударуды сұраймыз;
Төлемді тағайындаған кезде қарыз алушының аты-жөні/атауын және кепілдік комиссиясы аударылатын кепілдік шартының күнін көрсетуді сұраймыз.
1. Өтінім беруші туралы мәліметтер.
аты- жөні/атауы ____________________________________________________
жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН)/бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН) _______________________________________________
Басшының аты-жөні____________________________________________________
мекенжайы: ___________________________________________________________
телефон (факс) нөмірі: _________________________________________________
Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші бойынша код (ЭҚТЖК): _________________________________________________________
2. Екінші деңгейлі банктегі шот бойынша мәліметтер:
БСН_________________________________________________________________
Бенефициар коды (бұдан әрі – Кбе) _____________________________________
Кредитор деректемелері: _______________________________________________
Кредитор атауы: _______________________________________________________
БСК (банктік сәйкестендіру коды) ______________________________________
ЖСК (жеке сәйкестендіру коды) ________________________________________
БСН _________________________________________________________________
Кбе _________________________________________________________________
3. Кредитор мен қарыз алушы арасындағы жасалған кредиттік шарт (бұдан әрі – КШ) туралы мәліметтер:

| Р/с № | КШ (нөмірі мен күні) | Қарыз алушының атауы | Қарыз алушының ЖСН-сы/БСН-сы | Өнім (қаржыландыру) түрі (кредит немесе микрокредит) |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | | |

кестенің жалғасы

| Кредиттің/ кредит желісінің сомасы және валютасы | Кредит беру мақсаты | Кредиттің/ кредит желісінің мерзімі (күн/ай/жыл) | Сыйақы мөлшерлемесі, % |
|---|---|---|---|
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 6 | 7 | 8 | 9 |

4. Кепілдік шарт туралы мәліметтер: (бұдан әрі – КепШ)

| Р/с № | КепШ (нөмірі мен күні) | Қарыз алушының атауы | Қарыз алушының ЖСН-сы/ БСН-сы | Кепілдік сомасы, теңге | Кепілдік мерзімі (күн/ай/жыл) |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймыз, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дұрыс емес мәліметтер ұсынғанымыз үшін жауапкершілік туралы хабардармыз және заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға, сондай-ақ дербес деректерді жинауға, өңдеуге келісім береміз.

Кепілгер 20__ жылы "__" __________ сағат ____ қол қойып, жіберді:

Электрондық цифрлық қолтаңбадан (бұдан әрі – ЭЦҚ) алынған деректер

ЭЦҚ қою күні мен уақыты

Өтінімді қабылдау туралы хабарлама:

Жұмыс органы 20__ жылы "__" ___________сағат ____ қабылдады:

ЭЦҚ-дан алынған деректер

ЭЦҚ қою күні мен уақыты

Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау қағидаларына
4-қосымша
Нысан

________________________
облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың басқармасы

**Сақтандыру бойынша субсидиялауға арналған өтінім**

20__жылғы "____" _________

Осымен, ___________________________ сақтандыру ұйымы "Облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалар және астана бюджеттеріне берілетін агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялауға арналған нысаналы ағымдағы трансферттер" тиісті бюджеттік бағдарлама шеңберінде 20__ жылғы "____" __________ №__________ субсидиялау шартына сәйкес №____________ шотына (шоттың нөмірі көрсетілсін) 20_ _ жылғы "__" _______ бастап 20__ жылғы "__" _______ дейінгі кезеңге _____________ __________ теңге сомасына субсидия төлеуді сұрайды.

Осымен:

1) сақтандыру шарты Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 9-1 / 71 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12183 тіркелген) бекітілген Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау қағидаларында белгіленген сақтандыру шарттарына қойылатын талаптарға сәйкес келсе;

2) қарыз алушының қызметі қаржылық берешекті және жеделдетілген оңалту рәсімін қайта құрылымдау жағдайларын қоспағанда, ұйымдық-құқықтық нысанын өзгерту, тарату немесе банкроттық сатысында емес, сондай-ақ қызметі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тоқтатылмаса;

3) қарыз алушыда кредиттік шарт бойынша қаражатты мақсатсыз пайдалану фактілері болмаса;

4) қарыз алушыда кредиттік шарт бойынша негізгі борышты және/немесе сыйақыны өтеу бойынша мерзімі өткен міндеттемелер болмаса;

5) қарыз алушы сақтандыру сыйлықақысының субсидияланбайтын бөлігін толық көлемде төлегені расталады.

Сақтандыру ұйымы 20__ жылы "__" __________ сағат ____ қол қойып, жіберді:

Электрондық цифрлық қолтаңбадан (бұдан әрі – ЭЦҚ) алынған деректер

ЭЦҚ қою күні мен уақыты

Өтінімді қабылдау туралы хабарлама:

Жұмыс органы 20__ жылы "__" ___________сағат ____ қабылдады:

ЭЦҚ-дан алынған деректері

ЭЦҚ қою күні мен уақыты

Агроөнеркәсіптік кешен
субъектілерінің қарыздарын
кепілдендіру мен сақтандыру
шеңберінде субсидиялау
қағидаларына
5-қосымша
Нысан

**Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын сақтандыру шеңберінде субсидиялау шарты**

__________ қаласы
20__ жылғы "_
__"________

Бұдан әрі ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО деп аталатын __________ ______ облысының (қаланың) басқармасының атынан 20___ жылғы "____" __________ №__________ сенімхаттың негізінде әрекет ететін ________________ бір тараптан, бұдан әрі "Сақтандыру ұйымы" деп аталатын ________________ атынан ____________ ____ негізінде әрекет ететін ________________ екінші тараптан, бұдан әрі "Қарыз

алушы" деп аталатын ________________ атынан ________________ негізінде әрекет ететін ________________ үшінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп "Тараптар", ал жеке-жеке "Тарап" деп аталатындар, төмендегілер туралы осы Сақтандыру сыйақысының бір бөлігін субсидиялау шартын (бұдан әрі – шарт) жасасты.

**1-тарау. Терминдер мен айқындамалар**

1. Осы шартта Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 9-1 / 71 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12183 болып тіркелген) бекітілген Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау қағидаларына (бұдан әрі – Субсидиялау қағидалары) сәйкес ұғымдар пайдаланылады.

**2-тарау. Шарттың нысанасы**

2. Осы шарт сақтандыру ұйымына қаражат аудару тәртібі мен талаптарын, сақтандыру ұйымының субсидиялау қаражатын пайдалануын ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО мониторингтеу талаптарын, Тараптардың жауапкершілігін және өзгеде талаптарды көздейді.

**3-тарау. Шарттың талаптары**

3. Осы шарт бойынша ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО шартта айқындалатын талаптарда Субсидиялау қағидаларына 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қарыз алушыны субсидиялау кестесіне (бұдан әрі – субсидиялау кестесі) сәйкес "Облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалар және астана бюджеттеріне берілетін агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялауға арналған нысаналы ағымдағы трансферттер" тиісті бюджеттік кіші бағдарламасы бойынша бөлінген ақша сомасы шегінде субсидиялауды жүзеге асыруға міндеттенеді.

4. Сақтандыру ұйымы осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидиялауға арналған өтінімді ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО-ға жолдайды, бұл ретте субсидиялар сомасы субсидиялау кестесіне сәйкес айқындалады.

5. Ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО субсидиялауға арналған өтінімді алғаннан кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде оның субсидиялау кестесіне сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады және тиісті төлем шоттарын қазынашылық органдарына жолдайды.

**4-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

6. Ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО:

1) осы шартта белгіленген, Тараптар үшін көзделген міндеттемелерді орындау мерзімдерінің сақталуын бақылауды жүзеге асыруға және олардың уақтылы орындалуын талап етуге;

